



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Шахматтан әлем чемпионатының күміс жүлдегерлері елге оралды



Елорда әуежайына Қазақстанның шахматшы қыздары мінген ұшақ қонды.

Ел тәуелсіздігінің тарихында тұңғыш рет шахматтан әлем чемпионатының күміс жүлдегерін Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, басқармаға қарасты Спортты олимпиадалық емес түрлері бойынша дамыту дирекциясы және №7 балалар мен жасөспірімдер

спорт мектебінің басшылықтары күтіп алды. Сондай-ақ шахматшы қыздардың ата-аналары, жақындары мен достары да болды.

«Бар күшімізді салдық. Жарыс өте тартысы өтті. Бірінші орынға таластық, алайда Грузия құрамасына жол беріп күміс жүлдегер атандық. Қазақстан тарихында тұңғыш рет әлем чемпионатында екінші орынға ие болдық. Өте қуаныштымыз. Қазақ елі қуанды

деп ойлаймын, өзімізде де қатты қуанып тұрмыз», дейді әлем чемпионатының күміс жүлдегері Әмина Қайырбекова.

Айта кету керек, финалда қазақ қыздары Грузия құрамасына жол берді. Ақтық кезеңнің алғашқы матчында Қазақстан – 1,5-2,5, екінші матчында – 0,5-3,5 есебімен жеңіліп қалған болатын.

Ұлттық құрама сапында Бибісара Асаубаева, Ксения Балабаева, Алуа Нұрманова Әсел Серікбай және қос астаналық шахматшы – Меруерт Камалиденова мен Әмина Қайырбекова өнер көрсетті.

Ал қола медальді Франция құрамасы иеленді. Олар үшінші орын үшін ойында АҚШ шахматшыларынан айласын асырды.

Еске салсақ, шахматтан 2023 жылғы командалық әлем чемпионаты Польшаның Быдгощ қаласында өтті. Онда 12 команда бақ сынады. Турнир 2007 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Бірақ Қазақстан бұған дейін ширек финалдан әрі асып көрген емес.

2023 жылғы 15 қыркүйектегі №218 шешімі

Түркістан облысы Созақ ауданының әкімін сайлау бойынша аумақтық сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңның 14-бабының 6) тармақшасына,

21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. Түркістан облысы Созақ ауданының шекарасында Түркістан облысы Созақ ауданының әкімін сайлау бойынша аумақтық округі құрылсын.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында, аудандық «Sozak uni» газетінде жариялансын және Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға Ә.Сахиұлы
Хатшы Р.Оспанов

2023 жылғы 15 қыркүйектегі №219 шешімі

Түркістан облысы Созақ ауданының әкімін сайлауды тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңның 14-бабының 8-1) тармақшасына, 113-1-бабының 1 тармағының 2) тармақшасына және 2 тармағына сәйкес Түркістан облыстық мәслихаты сессиясының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі №5/60-VIII «Түркістан облысы бойынша әкімдердің сайлауын өткізу үшін пилоттық аудан және облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін белгілеу туралы» және №5/61-VIII 2023 жылғы «Түркістан облысы бойынша пилоттық аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауын өткізу күнін белгілеу туралы» шешімдерінің негізінде, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. Түркістан облысы Созақ ауданының әкімін сайлау 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалсын.

2. 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалған Түркістан облысы Созақ ауданының әкімін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы шешімге қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында аудандық «Sozak uni» газетінде жариялансын және Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға Ә.Сахиұлы
Хатшы Р.Оспанов

Қазақстанда ҰБТ тапсыру ережесі өзгереді

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өзінің Тарнасында 2024 жылғы ұлттық бірыңғай тестілеуіне енгізілетін өзгерістер туралы жазды.

«Бүгін сіздермен 2024 жылғы ҰБТ жаңалықтарын бөліскім келеді. Былтыр уәде бергеніміздей, емтиханның форматындағы барлық өзгеріс жаңа оқу жылының басында жария етіледі. Бұл болашақ талапкерлерге жоғары оқу орнына түсуге жақсы дайындалуға көмектеседі.

Жоғары білімді оңтайлы етудің маңызды қадамы – ҰБТ тапсырмаларын жетілдіру. Біз нәтижелерді қалыптастыру мен талдауда психометриялық тәсілдерді қолдана отырып, стандартталған форматқа көшеміз. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес келеді», деп жазды Саясат Нұрбек.

Оның жазуынша, 2024 жылғы ҰБТ-да тест сұрақтарының саны өзгереді, сондай-ақ бейіндік пәндерге жаңаша тапсырмалар қосылып, тестілеу уақыты қысқарады.

«ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалады, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. Алайда, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарады. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұратын болады. Атап өтейін, бейіндік пәндерде берілген



тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылады. Бұл өзгерістер – тест тапсырмаларының сапасын арттыру мен олардың функционалдық сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларын бағалаудың әлемдік стандарттарына сәйкестігі бағытындағы жұмыстардың қисынды жалғасы», деп түсіндірді министр.

Осылайша, ҰБТ тапсырмаларының саны өзгеріссіз қалады, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тап-

сырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма. Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды.

«Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты тестілеу уақыты қысқарады. Енді ҰБТ тапсыруға оқушыларға 3 сағат 30 минут (210 минут) бөлінеді. Бұрын 4 сағат (240 минут) берілген. Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек», деді С.Нұрбек.

Сондай-ақ ҰБТ-ға енгізілетін тағы бір жаңалық шығармашылық бағыт-

тарды таңдаған талапкерлерге қатысты, енді олар «Қазақстан тарихы» мен «Оқу сауаттылығы» пәндерімен қатар «Математикалық сауаттылықты» міндетті пән ретінде тапсырады. «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмалары талапкерлердің өмірде математикалық логика бойынша алған білімдерін, дағдыларын қолдана алуын тексеруге бағытталады.

«Бейіндік пәндердің комбинациясы бойынша да өзгерістер бар. Оқушылардың, ата-аналардың және педагогикалық қауымның пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, «B059 – Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар», «B055 – Математика және статистика», «B063 – Электротехника және автоматтандыру» білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілер «Математика-Информатика» комбинациясын тапсырады.

Қорытындылай келе, өткен жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, үздік нәтижемен грант тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігін ресми түрде бекіткенін еске салғым келеді. Егер ақылы негізде түсу үшін ҰБТ тапсырудың тағы үш мүмкіндігі бар екенін ескертін болсақ, онда 2024 жылғы талапкерлер тестілеуден бес рет өте алады», деп қорытындылады министр.

«Sozak uni»-ақпарат.

«Аманат» партиясында

Әділетті Қазақстанның
әлеуетті қадамы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты кезекті Жолдауын Аманат партиясы Созақ аудандық филиалы партиялық бақылау тобы мүшелері арасында кеңінен насихатталды. Жолдауды партия тобы мүшелеріне насихаттау барысында партиялық бақылау тобының жетекшісі Б.Тұрғанбаев, мүшелері Т.Әбуов, Н.Майусова, аудандық мәслихаттың депутаттары Б.Нұрланов, Г.Есмұрзаевалар өз тараптарынан қызу қолдауларын білдірді. Онда Президентіміздің партия турасында «Алдымызда тағы бір өте маңызды

майтын мәселе. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет» деген батыл бастамасы көптің көңілінен шықты.

«Менің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешімім және жақында қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселені біршама реттеді. Бірақ ахуалды біржола түзеу үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды.

Бұл ретте «Аманат» партиясының



міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз. Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек»-деп Үкіметке нақты тапсырмалар жүкттеді. Сонымен қатар, Аманат партиясына да артылған жауапкершілік деп ұғынамыз. Жолдауда Президентіміз: «Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал» деген сөздері шаруалар мен ауыл тұрғындарының болашағына үміт сәулесін сепкендей болды.

Бүгінгі нарықтық экономикалық жағдайлар өрістеген заманда құқық мәселесі басты орында сондықтан болар Президент «Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді құдалауын біржола тоқтату керек. Мұндай әрекеттерге тыйым салынған. Бірақ, соған қарамастан, әлі де жалғасып жатқанын білемін. Осындай мәліметтер кейде әдейі таратылып жатады, тіпті, олар жалған болуы да мүмкін. Қалай десек те, бұл – назардан тыс қалдыруға бол-

«Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өту қажет. Соның арқасында еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі – 10 және одан да көп несие алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл еліміз көруі қажет, деген болатын.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Адал азамат және тұрғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмілетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін.

Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ ескелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.

Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек-деген сөздерінен жаңа Қазақстанның кемел келешегіне жол нұсқағанын айқын аңғардық. Бастысы мемлекетіміздегі жылдың басты құжаты саналатын Жолдаудан халықтың әлде де күтері мол.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі ауыл, кент округтерде көркейту-қоғалдандыру шаралары бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы Жеңіс Төлепбергенов хабарлама жасады.

Хабарлама барысында ауыл, кент округтердегі бірқатар кемшіліктерге тоқталып өтті. Бұл жөнінде аудан басшысы округ әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктеп, арнайы белгіленген уақыт ішінде анықталған кемшіліктер жойылмаған жағдайда округ әкімдерінің мәселесі қаралаты-


нын қатаң ескертті. Сондай-ақ тұрғындармен кездесу барысында көтерілген өзекті мәселелердің орындалуы барысында жасалып жатқан жұмыстарға жеке-дара тоқталып өтті.

Сонымен қатар, жиында «Ауыл-Аманаты» бағдарламасы, жастарға жеңілдетілген 2,5 % несие беру жұмыстары мен аудан көлеміндегі тұрғындардың табысын жаппай жариялау бойынша № 250/270 формалардың орындалу барысы пысықталды. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелерге немқұрайлық танытпай, жұмысты жүйелі түрде үйлестіруді тапсырды.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР
САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бөлімінің бас маманы С.Қарабаев және Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Смахова аудан әкімдігінің ауылшаруашылық және кәсіпкерлік бөліміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысын жүргізді.

Бақылау барысында бөлім тарапынан ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің жағдайымен танысып, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және т.б мәселелері қаралып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы бойынша ұсынымдар берілді.



Прокуратурада жиын өтті



Аудан прокуроры Ержан Қожабековтің төрағалығымен есірткі қылмыстарының алдын алу және онымен күресу бағытында жиын өтті.

Жиында нашақорлық және синтетикалық есірткінің мектеп пен студент жастар арасында таралуы қаупі, әке институтын нығайту және отбасылық тәрбие-

де екенің рөлін арттыру жөніндегі шаралар туралы талқыланды. Аудан прокуроры синтетикалық есірткіні тұтынудың артуы ұлт денсаулығына үлкен қауіп төндіретіндігі және осындай жайттың дер кезінде алдын алу үшін тиісті шараларды

үйлестіру керектігін айтып өтті.

Осы ретте, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отырып есірткіге қарсы түрлі шаралар мен акцияларды жиі ұйымдастыру керектігін жеткізіп, бірқатар ұсыныстар жолданды.

Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.

Билер алқасының жұмысы жайлы



Таяуда ғана бір топ бабталық жігіттер әрі журналист әрі «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде маған жолығу мақсатында Шолақорғанға іздеп келіпті. Әңгімелерінен ұққаным, Бабата халқы кеше ғана дүниеден өткен ауыл биі Егізтай Есбаев қарияның жолын жалғасын деп, араларынан бір жігітті би сайлап алған көрінеді. Сөйтсе, ауылдың ортақ ватсап чатына Бабатаның тағы бір азаматы: «Мені республикалық «Әділ билер» қоғамдық бірлестігінің ауданымыздағы билер алқасы ауылға би етіп тағайындады,- депті. Тіпті, аудандық «Әділ билер» алқасының алқа биі Әбубәкір Сахихлының қолынан алған куәлігін де көрсетіпті. Мұны көріп- естіген Бабата жұрты: «Бұл қалай болды сонда, біз ел болып өзіміздің ауыл биімізді сайлап алдық, енді мына адамның мен ауыл биімін дегені қалай? Неге бұл аудандық «Әділ билер» алқасы би сайламастан бұрын бір қоғамдық тыңдау өткізіп, бізбенен ақылдаспайды?»- деп, Әбубәкір Сахихлы мен Шолақорған ауыл билеріне жолығады ғой кәдімгі. Дегенмен, ортақ бір мәмілеге келе алмағандары үшін маған арағайындық жасап, екі тарапты ортақ келісімге шақырыңыз деп келгендері екен. Сонымен, алдын- ала Сахихлымен уақытын белгілеп алып, бабталық жігіттерді ертіп бардым. Барғанымызда Сахихлымен бірге ауылымыздың қариялары: Мыңжасар Асқаров, Әліпбек Сөлтеков және Жетілген Сармантаевтар отыр екен. Аман- саулықтан соң, бірден келген мәселемізге көштік. Әр екі тарап тыңдалып болған соң, Бабата жұртының басына ескеріліп, халық сайлаған ауыл биінің «Әділ билер» алқасының куәлігі тапсырылып, ресми би ретінде мойындалатын боп тарқасты.

Бұған дейін бұл «Әділ билер» РҚБ- пі жайлы естіп, бір жыл бұрын аудандық газетке олар жайлы мақала берілгенін білсем де мән беріп, жұмыстарына қызығушылық танытпаппын. Бәлкім бұл, соңғы кездері осындай қоғамдық ұйымдардың бірі құрылып, бірі жабылып жатқандығынан да шығар. Сол себепті де, осы жұмысын бастамай жатып, жұрттың сынына ұшырап үлгерген «Әділ билер» алқасы жайлы мақала жазуға бекітім. Мақсатым, қайсыбір қоғамдық ұйымдардың қыз- ығушылығын тудыратын

лестік жайлы оқырмандарымызды хабардар ету еді. Осындай ойым барын аудандық «әділ билер» ҚБ- нің алқа биі Әбубәкір Сахихлына айтқаныма ол кісі қуана келісе кетті. Сонымен, ауданымыздың алқа биімен болған сұхбатымыздың мазмұны мынадай болды: Республикалық «Әділ билер» қоғамдық бірлестігі, былтыр, 2023 жылдың 13 қазанында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген екен. Артынша- ақ, аудан- аудандарда филиалдарын ашқан көрінеді. Біздің Созақ ауданындағы «Әділ билер» РҚБ- нің алқа биі де осы Әбубәкір Сахихлы екен. Қазіргі таңда ауыл- ауылдарда халықтың талқысына салынып сайланған, ұжым боп ұйғарылған біраз билер жұмыс жасап жатқанға ұқсайды. Әбекен менің, қоғамның өтінішін қанағаттандырып, «Әділ билер» РҚБ-нің жарғысымен және бірлестікке Әділет министрлігі тарапынан берілген анықтамалармен таныстырды. Жарғыларын бір шолып шықтым. Жалпы, бірлестіктің заңдылығына дау жоқ секілді. Ал енді, қоғамға пайдасын уақыт көрсете жатар. «Уақыт бәріне емші» деп жатамыз әдетте. Оның үстіне, бірлестіктің би болатын азаматтарға қояр бірнеше талабы бар екен, ол да ұнады маған. Оны өздеріңше: «Билердің тұлғалық келбеті» дейді екен. Жалпы жынтығы 20 жуық, сол талаптарды толықтай сідердің назарларыңызға ұсынайын, керісін өздеріңіз түсіне беріңіздер:

1.Жүріс- тұрыста салихалы болу; 2. Дау-дамай шешкенде әділ болу; 3. Ортада өзін байсалды ұстау; 4. Өтірік айтпау, ғайбат сөйлемей; 5. Сөз сөйлегенде мақал- мәтелдетіп сөйлеуге бейімделу; 6. Бұрынғы өткен билердің өмір баяндарынан, айтқан аталы сөздерінен хабардар болу; 7. Шешендік өнерін үйрену; 8. Саяси топ, өзге мақсатты қоғамдық бірлестіктерге мүше болмау, қара тобырға ермеу; 9. Мемлекеттің саясатына, оның тұтастығына қарсы келмеу; 10. Елді бүлікке шақырмау, өзі де бүлікке араласпау; 11. Тіл мен дінге құрмет; 12. Халықтың мұқтажын билікке жеткізуге жәрдем беру; 13. Ұдайы халықпен бірге болу; Сыбайлас- жемқорлыққа төзімсіздік таныту; 14. Адамдарды ұлтқа, руға, жүзге және дінге бөлмеу; Өзінен жоғары Билерге жүгіну, олардың айтқан уәжіне, үкіміне тоқтау

жасау; 17.Басшылық құрамдағы ҚР-ның Төбе биінің, облыстық Төбе бидің және төрағаның тапсырмаларын талқысыз орындау; 18. Әрекетінде тек қана заң аясында жұмыс жасау; 19. Билік пен халықтың арасына алтын көпір болу; 20. Халықпен санасатын билік саясатын құруға үлес қосу.

Тағы да айтатыным, бұл кісілер барлық аудандағы билерге ортақ бір ватсап чат ашып қойыпты дедім ғой жоғарыда, сонда ауыл- ауылдарда атқарылып жатқан жұмыстарын салып, бөлісіп отырады екен. Әбекен сол жұмыстардың электронды, аудио және видео нұсқаларымен мені де таныстырды. Әжептәуір жұмыстар атқарылып жатыр екен, тек, барлығы дерлік ауыл-көше тазалығына, өзендер мен арықтарды тазалауға қатысты көрінеді. Сондай-ақ, Абай ауылының биінің ұйымдастырумен тұрғындар әлеуметтік жағдайы төмен бір отбасына үй салып беріп жатыр екен.

Сөз соңында айтарым, бұл далалық «би»-лік үрдісін әлі де жетілдіріп, негізгі, әу бастағы мақсатына қайтқан жөн секілді. Әйтпесе, «би»-лердің негізгі атқаратын жұмысы ауыл- көше немесе арық тазалау емес екені бәсеңден белгілі ғой. Сосын, мына біз үкіметке қатысты қолданып жүрген «билік» сөзі асылында осы қазақ даласында орын алған «би»-лік институтына тиесілі екенін көзі ашық оқырман жақсы білсе керек. Тек, біз ол сөзді орыстың «власть» сөзінен тікелей аударып алып, мемлекеттік басқарудағыларға таңып қойғанбыз. Бәлкім, осы сөзді өз орнымен, мақсатымен қолданып уақыт келген шығар, сіз қалай ойлайсыз? Олай дейтінім, ата заңымыз бойынша біз билікте жүрген азаматтарымызды «мемлекеттік қызметкер» деп атауымыз қажет. Яғни, бұл мемлекеттік басқару тізгінін аманаттап берген халықтың қызметкерлері дегенді білдіреді. Ал енді, жоғарыда ауыл билеріне қойылар талаптарға тоқталсам, айтар ауызға керемет. Тек, осы талаптардың барлығына сай би табылар ма екен аудан, ауылдарда? Жалпы, билер институтын жаңғырту туралы идея жақсы, бірақ, осы озық далалық дәстүрді әбден зерттеп, зерделеп, би боламын деген азаматтарды арнайы оқытып, білім-білігі мен тәжірибесін шыңдап барып, куәлігін қолына ұстатып, ауылдарға жіберген дұрыс сияқты. Әйтпесе, мына кетісте әжептәуір рухани құндылықтың қадірін қашырып алатын сияқтымыз ба қалай? Дегенмен, барша қоғамдық ұйымдар секілді билік пен бұқараның арасына алтын көпір болып, ел мен жерге қызмет етеміз деген ауыл билеріне ажол тілеп, іске сәт атамыз. Әйтеуір, ертең: «бас-басымызға би болып, қоғамдық ұйымдар құрып, қиқымдалып, онсыз да қиуы қашып тұрған қоғамның сиқын кетірсек болар еді!

Данияр БЕК.



«ЖЕР-2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

Ауданда төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ азаматтық қорғаудың басқару органдарын, күштері мен құралдарын төтенше жағдайларға ден қоюға дайындау мақсатында 2023 жылғы 11-12 қыркүйек аралығында «Жер-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы бас-талды.

Оқу-жаттығу барысында халықты хабардар ету сигналы қосылып, басқару органдарының күштері мен құралдарын дайындыққа келтіру бойынша, жергілікті атқарушы органдарға АҚ қызметтеріне хабарлама берілді. Аудандық төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою бойынша комиссия отырысы өткізіліп, барлық қызметкерлер мен ауыл округ әкімдеріне тапсырмалар берілді.

Сондай-ақ аудан әкімдігінің мәжіліс залында Созақ ауданы аумағында «Жер-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуға арналған мәжіліс өтті. Мәжілісті аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов жүргізді. Жиынға аудан әкімінің тиісті бөлім, жауапты мекеме басшылары мен ауыл, кент округ әкімдері қатысты.

Авариялық құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу орындарына жіберу

маршруттарын анықтау, сондай-ақ авариялық құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу бойынша іс-шаралар аудандық жеделге ден қою жасағын және аудандық АҚ күштері мен құралдары аудан орталығындағы С.Қожанов көшесінің бойына сапқа тұрғызылды.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Ақбаев қадағалады. Оқу жаттығу жиынына, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, ішкі істер бөлімі, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Созақ аудандық электр желілері, байланыс торабы, аурухана т. б тиісті бөлім қызметкерлері қатысты. Олар электр желісін қалпына келтіру, байланыс торабы, өртке қарсы қызмет, медициналық көмек көрсету қызметі, электр қуатымен қамтамасыз ету қызметі, газ жүйесі бойынша апаттық қызметі, жолдар мен көлік және жанар-маймен қамту қызметінің дайындығы пысықталды. Азық-түлік және медициналық препараттар қорын құру мәселесі де қаралды.

Айта кетейік, ұйымдастырылған оқу-жаттығу еліміздің басты байлығы – адам өмірі мен материалдық құндылықтарды сақтауды мақсат етеді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Аудан тұрғындары мен қонақтарына!

2023 жыл 21 қыркүйек күні Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесінде «Орталық саябақтың» алдында «Алтын күз-2023» мерекесіне орай аудандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жармеңкесі және ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі өтеді.

Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтары!

Жармеңкеге келіп, қолжетімді бағада ауыл шаруашылығы өнімін алыңыздар және ауыл шаруашылығы техникалары көрмесін тамашалаңыздар!



Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

«Кітапхана демекші, Оңтүстікте Созақ деген ел бар. Бұл шалғай жатқан, өзіне қыдыр қонған ел. Ал біз көрген Созақтың орталығы Шолаққорғанға барыңызшы... Мәдениет сарайы салтанатты, кітапханасы Астана мен Алматының кітапханаларына үлгі боларлықтай» деп 1998 жылы жазушы Шерхан Мұртаза өзінің бағасын беріп кітапханаға ыстық ілтипатын білдіріп кеткен рухани ордамыз биыл 80 жасқа толып отыр.

1943 жылы «Қызыл отаудан» бастау алған. 1946 жылдары Қызыл отауды атқару қызметі өзгеріп, аудандық мәдени ағарту бөлімі болып құрылып, ірі елді мекендерде кітапханалар ашылып, жұмыс істей бастаған.

1979 -1980 жылдары аудан-



панқызы, Ұлбосын Бейсембекқызы, Мейрамкүл Жақсыбайқызы, Қанағат Оспанова, Клара Зекенқызы, Ақайша Жүменова бастаған бірқатар кітапхана ардагерлері марапатталды.

Мерейтойлық жиында ардагер ұстаз, ақын, сазгер, драматург руханият жанашыры Байділде Айдарбеков мерекеге арналған өлең жолдарын арнады. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары әсем ән орындап, мерекенің ажарын аша түсті.

«Мыңжылқы» мәдениет сарайының екінші қабатында фойеге «Рухани ордаға - 80 жыл» атты көрмені, Созақ ауданының құрылғанына 95 жыл толуына орай жасалған кітап инсталляцияларды келген қонақтарға оқырмандарға

Кітапхана-халықтың руханият ошағы

дағы кітапхана саны-54, кітап қоры-512383 данаға жетті.

Алғашқы кітапханашылар қатарында еңбек ардагері Бәтима Бәйменова, сондай-ақ кітапхана жұмысын жолға қоюға көп еңбек еткен Ақбиеш Ібжанова, ұзақ жылдар білікті басшы Айтжамал Жантеліқызының есімдері рухани орданың дамуына өз сүбелі үлесін қосып басқарған ерекше есімдер.

Бүгінгі таңда Бейсехулова Эльмира Қайдауқызы осы дара жолды одан әрмен қарай жалғастырып, тың жаңа жобалармен жұмыстар жүргізіп келеді.

Қазіргі таңда аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтуде. Акцияға аудан кәсіпкерлері, зиялы қауым өкілдері, кітапхана оқырмандары қатысып, кітапханаға өз үлестерін

Балнұр Мұхажанқызы сахнада еркін сөйлеу, сөз өнерін үйретсе, Алиса Азизқызы сурет салу үйірмесін ұйымдастырып өтеді.

Бұл күндері қанатын кеңге жайған Теріскей өңірінде 23 кітапхана халыққа қызмет көрсетеді. Теріскей өңірінің кітапханалары нағыз парасат мекені дерсіз. Созақ ауданының 95 жылдығы аясында Созақ аудандық орталық кітапханасының құрылғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Рухани ордаға - 80 жыл» атты мерекелік салтанатты шара өтті. Мерекелік кеш рухани орданың тарихын баяндайтын бейнероликпен басталды. Жиынға арнайы қатысқан аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексембайлы аудан тұлғаларын, руханият шырақшыларын мерейлі мерекемен құттықтап, аудандық орталықтанды-

Гүлназ Шубайқызы, «Созақ ауылдық модельді» кітапханасының кітапханашылары, Жұмадилова Эркіна Рамазанқызы, Балтабаева Гүлзина Рысбайқызы, «Ақсұмбе ауылдық» кітапханасының кітапханашысы Әбілдаев Анарбек Бегманұлы, «Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің кітапханашылары» Жұмабаева Балнұр Мұхажанқызы, Жонаева Гүлмира Қонысбекқызы, «Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы» Бөбеева Айгерім Нұралықызы, «Аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі» Ғалия Сұлбекқызы.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиевтің алғыс хатымен: Созақ аудандық орталық кітапханасының көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға қызмет көрсету нүктесінің кітапханашысы Балтабекова Айман

лалар кітапханасының кітапханашысы» Сарыбаева Әсем Бекзатханқызы, «Құжаттарды жинау және өңдеу бөлімінің редакторы» Шабақова Ақмарал Нұрболатқызы, «Кітапхананы дамыту бөлімінің бөлімше әдіскері», Айтжанова Мадина Сапаққызы, «Аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы» Тастыбаева Кенжекүл Адамханқызы, «Аудандық орталық кітапханасының бас есепшісі» Жапаев Жасұлан Ақанұлы, «Бірыңғай қорларды ұйымдастыру және пайдалану бөлімінің меңгерушісі» Бөрібаева Раиса Дүйсенқызы, «Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі» Момынова Бақшагүл Абдуғалиқызы, «Кітапхананы дамыту бөлімінің бөлімше басшысы» Бекмұратова Ботакөз Мүсірәліқызы.

Аудандық ардагерлер кеңе-

қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы Бөбеева Айгерім Нұралықызы таныстырып, кітапхана тарихына шолу жасады.

«Созақ аудандық орталық кітапхана адам ақылына сыймайтын аса қиын кезде өзінің байлығын, барлығын сақтап қалған екен, мен соған қуандым. Кітапхана орнында болса, ақыл – парасат та орнында болады. Осы бір тұрақтылықтарыңыз үшін сіздерге көптен-көп рақмет!»-ақын Қадыр Мырза Әлі Созақ кітапханасына 1997 жылы келіп, кітапханашылардың ерен еңбегін көріп, қолтаңбасын қалдырып, құнды сөзін қалдырған екен. Иә кітап-ақыл ойдың қазынасы болса, кітапхана-сол асыл қазынаның жинақталған рухани ордасы. Кітапхана-оқырманмен кітап арасындағы негізгі алтын көпір.



қосуда.

Аудандық орталық кітапханадағы тың жобалардың бірі «Кітапхана түні» жоба аясында өткізілген шараға белгілі журналист Ләйлә Сұлтанқызы қатысып, тосыннан оқырмандар үшін үлкен сый болды.

Сонымен бірге кітапханалардың тұрақты оқырмандарына түрлі үйірмелер өтеді, атап айтсақ Гүлнахар Мамилаева сәндік тоқыма өнерін,

рылған кітапханалар жүйесі КММ-нің директоры Бейсехулова Эльмира Қайдауқызына арнайы құттықтау хат пен сый-сияпат табыс етті.

Аудан әкімінің Алғыс хатымен: шығармалары «Дауыс» жас қаламгер антологиясына еніп, әлеуметтік желідегі әдеби порталдарда оқырманы көп жас қаламгерлердің бірі Жаудір Нартайқызы, «Таукент модельді» кітапханасының кітапханашысы Нажимова

Ерубайқызы, «Аудандық орталық кітапхананың көркемдеуші-суретшісі» Тастемірова Алиса Азизқызы, «Бабата ауылдық» кітапханасының кітапханашысы Айгүл Елшібекқызы, «Қарағұр ауылдық» кітапханасының кітапханашысы Мақұлбекова Забира Әуесбекқызы, «Бірыңғай қорларды ұйымдастыру және пайдалану бөлімінің кітапханашысы» Пазылбекова Рәзия Мейрамбекқызы, «Аудандық ба-

сінің төрағасы Қабылбек Еспенбетовтың алғыс хатымен: Алмара Мырзатайқызы, Әтіркүл Сапарсейітқызы, Күлайша Даярқызы, Малақат Шамилқызы, Тұщыбекова Күлажар, Айымкүл Төлегенқызы, Гүлсім Әбдірашқызы, Гүлшат Ескермесқызы, Жаннат Айтпайқызы, Ғаникамал Нығметқызы, Майра Бөкешқызы, Аманкүл Орынбекқызы, Айтбала Бейжанқызы, Жансұлу Айтбайқызы, Мейрамкүл Ос-

Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар, әріптестер парасат мекенінің мерекесі тағы да құтты болсын! Шығармашылық табыс тілейміз!

Аудандық орталық кітапхана, Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы «15» қыркүйектегі № 219 шешіміне қосымша

2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалған Түркістан облысы Созақ ауданының әкімін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары

- Аумақтық сайлау округінің құрылуы туралы шешім қабылдау
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 15 қыркүйек. (14-б. 6) т., 21-б. 4-т.)
- Созақ ауданының әкімін сайлауды тағайындау Пилоттық өңірлердің тізбесі және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды өткізу күнін белгілеу туралы мәслихаттың шешімі негізінде
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 15 қыркүйек. (113-1-б. 1-т. 2-т), 2-т.)
- Сайлау округінің тізімін, шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен 2023 жылғы 25 қыркүйектен кешіктірмей. (22-б. 2-т.)
- Аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен 2023 жылғы 25 қыркүйектен кешіктірмей. (13-б. 4-т.)
- Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен 2023 жылғы 30 қыркүйектен кешіктірмей. (17-б. 2-т.)
- Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Аудан әкімі Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде – 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін. (23-б. 5-т.)
- Әкімдікке кандидаттар ұсыну
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен 2023 жылғы 16 қыркүйекте басталады және 2023 жылғы 5 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де аяқталады. (113-3-б.)
- Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы уәкілетті мемлекеттік органдармен біргелікте (4-б., 113-2-б.)
- Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Әкімдікке кандидаттың талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.)
- Әкімдікке кандидаттарға өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

- Кандидаттың Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)
- Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып Қол қою парақтары тиісті сайлау комиссияларына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 8,9-т.)
 - Жергілікті атқарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы 2023 жылдың 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу
Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 2-т.)
 - Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну
Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 3-т.)
 - Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
Мемлекеттік кіріс органдары. Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде. (113-5-б. 4-т.)
 - Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен жиырма бес күн бұрын жергілікті уақытпен сағат 18:00-де аяқталады.
2023 жылғы 16 қыркүйектен басталып – 2023 жылғы 10 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де аяқталады. (113-5-б.)
 - Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)
 - Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру
Аудан әкімі аппараты және Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
 - Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады
2023 жылғы 10 қазанда жергілікті уақыт бойынша 18:00-де басталады және 2023 жылғы 4 қарашада сағат 00:00-де аяқталады (27-б. 2-т.)
 - Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудан әкімі аппараты және Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
 - Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына ақт

- бойынша ұсыну.
Аудан әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын 2023 жылғы 15 қазанға дейін (24-б. 5-т.)
- Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну.
Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда – 2023 жылғы 20 қазаннан бастап. (26-б. 1-т.)
 - Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету.
Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен – 2023 жылғы 26 қазаннан бастап. (26-б. 1-т.) (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)
 - Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын. 2023 жылғы 2 қарашадан ерте емес және 4 қарашаға дейін. (37-б. 3-т.)
 - Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)
 - Дауыс беруді өткізу
Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін. (38-б. 1-т.)
 - Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау.
Учаскелік сайлау комиссиялары жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады. (18-б. 8) т., 43-б.)
 - Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)
 - Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну.
Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу. (113-8-б. 1-т.)
 - Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен 2023 жылғы 8 қарашадан кешіктірмей. (113-10-б.)
 - Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен – 2023 жылғы 11 қарашадан кешіктірмей. (44-б.)
 - Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру.
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімнің жеті күн мерзімі ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін 2023 жылғы 11 қарашадан кешіктірмей (45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәнінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалған Созақ ауданы әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз ететін аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері туралы ақпарат

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы
Орналасқан жері: Созақ ауданы Шолаққорған ауылы Жібек жолы көшесі №5 ғимарат,
Пошталық индексі 161000, тел: 8(72546) 42804

№	Комиссия мүшелерінің тегі, аты-жөні	Сайлау комиссиясындағы лауазымы	Туылған күні, айы, жылы	Мекен-жайы, хялы телефоны	Комиссия мүшесі болып сайланған күні	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партия, қоғам-хйым немесе жоғары сайлау комиссиясы ұсынған
1	Сахиұлы Әбубәкір	Комиссия төрағасы	13.12.1953	Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы тел:87025898595	Созақ аудандық мәслихатының 10.01.2019ж №219\35-VI шешімі	Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы, төраға	"Ардагерлер хйымы" Созақ аудандық филиалы
2	Асқаров Мыңжасар	Комиссия орынбасары	17.02.1945	Созақ ауданы Шолаққорған ауылы тел:87012848522	Созақ аудандық мәслихатының 10.01.2019ж №219\35-VI шешімі	Зейнеткер	«AMANAT» партиясы
3	Оспанов Руслан Әлиұлы	Комиссия хатшысы	07.08.1992	Созақ ауданы Шолаққорған ауылы тел:87028989911	Созақ аудандық мәслихатының 10.01.2019ж №219\35-VI шешімі	Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы, хатшы	«SENIM» денсау-лық сақтау қызмет-келерінің кәсіподақ бірлестігі
4	Сармантаев Жетілген	Комиссия мүшесі	22.08.1954	Созақ ауданы Шолаққорған ауылы тел:87753679952	Созақ аудандық мәслихатының 19.02.2020ж №301\50-VI шешімі	Зейнеткер	Қазақстанның «Ақ жол» демо-кратиялық партиясы
5	Бабиев Аманкелды Абибуллаевич	Комиссия мүшесі	14.07.1973	Созақ ауданы Шолаққорған ауылы тел:87758597873	Созақ аудандық мәслихатының 10.01.2019ж №219\35-VI шешімі	А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	"Ауыл" партиясы
6	Айдаров Нұрәлі Тұрдыұлы	Комиссия мүшесі	06.08.1977	Созақ ауданы Шолаққорған ауылы тел:87021696115	Созақ аудандық мәслихатының 10.01.2019ж №219\35-VI шешімі	Созақ ауданының білім бөлімі. Бөлім басшысы	Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызмет-керлерінің кәсіп-одақ комитеті
7	Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич	Комиссия мүшесі	04.04.1960	Созақ ауданы Шолаққорған ауылы тел:87024700719	Созақ аудандық мәслихатының 10.01.2019ж №219\35-VI шешімі	Зейнеткер	"Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы" қоғамдық бірлестігі".

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

